Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жыл 11 шілде № 3115-23-00-2/937 іс Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.И.Таусаров,
сот отырысының хатшысы Б.Ризабекқызының
қатысуымен, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жамбыл облысы әкімі аппаратының шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «ӘУЕС» басшысы Шолпанкулова Жадыра Нурлановна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану;
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру.

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі Н.Н.Абишов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Жамбыл облысы әкімі аппаратының шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен (әрі қарай - Мекеме) жеке кәсіпкер «ӘУЕС» басшысы Ж.Н.Шолпанкулованың (әрі қарай – ЖК) арасында 24 наурыз 2023 жылы №03-06/150 жалпы сомасы 1 908 000 теңге құрайтын келісім шарт жасалған (әрі қарай - Шарт).

Шарт бойынша ЖК келісім-шарт қазынашылықта тіркелген күнінен бастап 15 күнтізбелік ішінде 12 дана мониторларды талап қоюшыға жеткізіп беруге міндеттеме алған, алайда жауапкер шарт бойынша өз міндеттемесін орындамаған.

Талап қоюшы сотқа талап қою арызын келтіріп, сот отырысында талап қою мөлшерін ұлғайтып, өз талап қою арызында, мемлекеттік сатып алудың қорытындысы бойынша жауапкермен шартқа тұрғанын, алайда жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін тиісті түрде орындамағандықтан, оны

Құжатқа қол қойылған: Таусаров С. И., 14.07.2023
Заңды күшіне енген күні: 16.08.2023, судья Тажиева Г. М., 16.08.2023
3115-23-3-1/1160

мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және 173 628 теңге көлемінде айыппұл сомасын өндіруді сұраған.

Жауапкер талап қою арызына пікір келтірмеген.

Талап қоюшының өкілі Н.Н.Абишов талап қою арызын қуаттап, жауапкер шарт бойынша көзделген міндеттемелерін орындамағанын көрсетіп. Осыған байланысты талап қою арызын толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі сот отырысының болатын уақыты туралы тиісінше хабарланған, алайда сотқа қатыспаған, сондықтан сот Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (ары қарай –АПК) 196-бабының 4-бөлігін басшылыққа алып аталған істі жауапкердің өкілінің қатысуынсыз қарау туралы ұйғарым етті.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуы тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ЗРК Қазақстан Республикасының Заңының 12 бабының 4 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Талап қою арызының уәждері, көрсетілген шартпен, шарттың №1 қосымшасымен және жауапкердің өз міндеттемелерін орындамауымен толық расталып өз дәлелін тапты.

Талап қоюшы талап қою арызымен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2023 жылдың 05 мамырында жүгінген.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкер шарт міндеттерін орындамаған және алдағы уақытта орындау мүмкіндіктерінің жоқтығы ескеріле отырып, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылуға жатады деген тұжырымға келеді.

№2 талап бойынша.

АК-нің 293, 298-баптарына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп

Құжатқа қол қойылған: Таусаров С. И., 14.07.2023
Заңды күшіне енген күні: 16.08.2023, судья Тажиева Г. М., 16.08.2023
3115-23-3-1/1160

танылады. Міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айып өндіріп алынады.

Шарттың 7.4 тармақшасына сәйкес, өнім беруші тауарды жеткізуден бас тартқан немесе шарт бойынша тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ шарт қолданысының аяқталу мерзімін кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 пайыз мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы шартты бұзуға құқылы.

Сот талап қоюшы ұсынған тұрақсыздық айыбының есебін тексеріп, оны дұрыс деп санайды.

Жауапкердің шарт бойынша өз міндеттемесін тиісті түрде орындамағанын ескеріп, талап қоюшының жауапкерден 173 628 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы да қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден екі талап бойынша мемлекет пайдасына 6933 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімі аппаратының шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «ӘУЕС» басшысы Шолпанкулова Жадыра Нурлановнаны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «ӘУЕС» басшысы Шолпанкулова Жадыра Нурлановна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «ӘУЕС» басшысы Шолпанкулова Жадыра Нурлановнадан мемлекет пайдасына 173 628 (бір жүз жетпіс үш мың алты жүз жиырма сегіз) теңге тұрақсыздық айыбы және 6933 (алты мың тоғыз жүз отыз үш) теңге 84 тиын мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған адамдар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Шешім түпкілікті нысанда шығарылған күні 14.07.2023 жыл.

Құжатқа қол қойылған: Таусаров С. И., 14.07.2023
Заңды күшіне енген күні: 16.08.2023, судья Тажиева Г. М., 16.08.2023
3115-23-3-1/1160

Судья С.И.Таусаров

Құжатқа қол қойылған: Таусаров С. И., 14.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 16.08.2023, судья Тажиева Г. М., 16.08.2023

ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
- Судопроизводство -